

Самалына салқындат Балқаш көлдің....

*Балқаш
қаласы*



ЖАНДОС ТУСЕНОВ





АУЫЛҒА БАРҒЫМ КЕЛІП ТҰРАДЫ....

Сағынып келсем қауышар бауыр,
Жайраңдап келем киелі ауыл.
Кеткенсоң алыс түсіндік біздер,
Бармаған қандай жүрекке ауыр.

Өзіңнен артық жерде жоқ тәуір,
Будақтап түтін, сән берген ауыл.
Ауылым - тербер алтын бесігім,
Балалық күннің куәсі дауыл.

Ауылдан шыққан жалынбыз досым,
Көшкенмін сенен дұрыспа осым.
Арынды өзен, асқарлы таулар
Маңына әкем орнатқан қосын.



Алаштың төрі, ағайын елі
Кербезді көлі, самалды желі.
Ауылда туып, ауылда өскен,
Әр жанға қымбат ауылдың жері.

Ер жүрек ерлер, көрікті қыздар,
Ең дала жатқан ғажайып құздар.
Елде де ез бар, пендеде сөз бар.
Ерте - кеш мейлі кәрілік ұстар.

Самарқау саған бейжайлық тән бе?
Ұласып көрші әуезді әнге.
Аңсарым ауса сағыныш тербеп,
Өзіңдей мекен барына тәубе!

Сағынып көптен сезім тулады,
Ауылым бақ пен шаттық жұмағы.
Жаныммен сүйіп, есігін ашсам
Жандардың жақсы жақын тұрағы.

Жандары жайсаң , жамағаты бар
Қара күші мен қанағаты бар
Азаматы мен қазанаты бар,
Ауылға барғым келіп тұрады.

ӘЖЕНІ САҒЫНУ



Сіз жамылған үйде тұр қара шапан,
Әже, оны сақтап жүр орап апам.
Жылағанда уанар немерелер,
Құшақтайды шапанды қарап ботам.

Алтын әже, қайдасың батыр әже,
Бар бейнетті көтерген асыл әже.
Әке болып қалсақ та еркелеймін,
Ескерткіш бұл өлең ғасыр әже!

Күннің нұрын күй дейтін пейіліңе,
Қамқоршы бол бауырдың сүйеріне.
Мезгіл қатал әкетсе оралтпайды,
Түсімізге енесің мейірлене.

Сыны сұмдық жан едің жаратылған,
Аян беріп сездірер дара тұлғаң
Елестесе қара тал бейіттегі,
Жас алады жанарға балаң жылдам.

Менің әжем – жарық күн жарқыраған,
Кимшегі киемдей жалтыраған.
Әр адамның қамқоры – асыл әже,
Сағынамын әжемді арқалаған.

ӘКЕ

(Әкем Мағзұм Назымбекұлының туған күніне арналады)

Мен үшін қымбат адам асқар тауым,
Бек мүмкін мерекенде аспандауым.
Әкешім бүгін міне туған күнің,
Тойыңды дүркіретіп бастар қауым.

Ақ түскен секілді ме самайыңа,
Беделді, белгілісің маңайыңа.
Төзіммен қарағансың қасқайып сен,
Жалғанның қиыны мен оңайына.

Мерей жас құтты болсын қорғанышым,
Ұл-қызың тигізіп жүр қолғабысын.
Сен өткен өткелдерде дараланған,
Ұлағат ұрпағына салған ізің.

Деніңіз сау болсыншы мейірбаным,
Басыңа күс боп қонсын түйір бағың.
Марқайып мен өзінді жақсы көрем,
Көріңіз жүз жастың да бұйырғанын.

ӘПКЕ

Қуанышқа қуанып-ақ жүр алаң,
Қиыры көп, қиын сәтте бір адам.
Әпкетайым сенсің білем жарқылдап,
Қиындыққа мойынсұнбай шыдаған.

Өміріміз сабы қысқа қамшыдай,
Күз қатырған шатырдағы тамшыдай.
Сіздің әпке үніңізге тамсанам,
Таңғалдырар әсем әнді салшы ұдай.

Тұңғыыққа түсірмесін тағдырың,
Ал, Жездеке аялап жүр жан нұрын.
Әлпештеген, үкілеген біздің гүл,
Көңіл табар ұға алсақ жан сырын.

Жан дүниең көп қайғыдан жүдеген,
Шыдар ма еді, төзімге жан үдеген.
Сүйген жанға қарап тұрсам, бұлда бақ,
Сезім оты сөнбей, жайнап гүлдеген.

Қалқатайым ойланғаным жөн-ау көп,
Тағдырға артар өкпе түгіл кінә жоқ.
Сан-сынаққа төзе біліп, көнген ең,
Бүгін сенен бақытты жан сірә жоқ.

Көз тартатын көркің барда маңдайда,
Аңыз болған әпкем едің маңайға.
Сағынатын әке-шеше тұр қарап,
Бауырыңда сезім тулар ондайда.

Аққанат құс айдындағы сен едің,
Әпке!
Сенен мейірімді сеземін.
Бақыт тілеп кетейінші мен бүгін,
Ал асаба , ала ғой сөз кезегін?!





Б А Л Қ А Ш

Махаббатқа ұқсайды үйлесімі,
Ақпар судың мөп-мөлдір үлесімі.
Манаураса көгінде тұмандары,
Мұңлықтармен керек қой күресуі.

Қызығыңдар, қаламды қызғанбаңдар,
Балқашымнан Күнікей қыз алғандар.
Сиқыры бар, тылсымы, сыры да бар
Бұл қалаға тоғысқан жүз армандар.

Жан жадырар көліңді жазда көріп,
Аралына жазған көп дастан өріп .
Ақ сұпыдай көркіне көзім тоймас,
Кереген кең, босаған тастан берік.

Тал- терегің жаныма саялыдай,
Саябақтар, көшелер баяғыдай
Мыс шаһарға арнасам өлеңімді,
Кемесіне бақыттың таядық жай.

Тайдай екен балығы бұлқынатын,
Зауытың мен қала да құлпыратын.
Олай-бұлай өткенде ару қала,
Бауырында жайқалып гүл тұратын.

Айтар едім, Балқашқа келіңіз деп,
Інжу-маржан тастарын теріңіз деп.
Самалына салқындап Балқаш көлдің,
Ұзақ өмір досым-ау сүріңіз деп.

Балқашым- бақытымсың !



ГҮЛДЕНГЕН ГҮЛІМ

Махаббатымды аялап өпкен,
Шапағатыңды сезініп көптен.
Сыйладың бақыт басыма таудай,
Бағымсың түскен аяулым көктен.
Қарақат сынды қара көздерің,
Қара өлеңімді жалынды еткен.

Жолыққан едік көктемде жаным,
Тулаған сол сәт бойдағы қаным.
Сен маған ұнап, мен саған құлап,
Жалындап жүрек айтылды әнім.
Жәудіретер көзің недеген тұнық,
Жанады күйіп құр сүлдер тәнім.

Гүлденген гүлім, сүйіктім менің,
Жүрегің нәзік, мейірлі сенің.
Күлімдеп жүрші, қуанып тұршы,
Сен барда асқақ беделім менің
Құшағым толып құшақтайыншы,
Мәңгілік сенсің гүлзарым теңім.

ЕРЕКШЕМ

Әдемісің ғой, әлегісің ғой бір жанның,
Әлемісің ғой сұлбасы бөлек өр жаның.
Әттегеңімді , тәйт дегенімді түсінер,
Әлпештеп өтер аяулым менің сен бағым!

Әрлеушісің ғой әрлейтін жанды әдемі,
Әлпештеугеде дайын жігіттер дәмелі.
Үлбірейтінде, үндемейтін де нәзігім,
Жырымдай сұлу қырмызы қыздың бәдені.

Арнаған жырым тілегім саған аппақ қой,
Ақжарма сөзім жүрекпен сезіп сақтап қой.
Бұлбұлдай үнің қылығың тәтті ұнайды,
Серігің болам сенсеңіз мені жақтап қой.

Ерекшем менің еркемсің қуан жабықпай,
Елжірегенде мейірімінде мамықтай.
Ерекшем менің бөлек қой қиял әлемін,
Ерке қыз сенің жаныңды мендей кім ұқтай?!

КҮЗГІ СЫР

Мұңайып жаным жүдеген,
Сейілмей тұман үдеген.
Бар кінә мені сүйгенің,
Сезінбей соны күйген ем.

Әзіл мен қалжың жарасып,
Келгенбіз күзбен таласып.
Махаббат қызық моншақтым,
Қалайша жүрміз адасып.

Қосылса ғашық жүректер,
Үміттер ізгі кейіпкер.
Қиялым болған қияда,
Ақ қайың оған куәгер.

Көгілдір аспан, бұлт кезбе,
Қызығып қарар жұрт бізге.
Балқаштан қайтқан сан құстар,
Шырқайды әнің тек бізге.

Қып-қызыл жаңа гүлімдей,
Түрленген өмір түріндей.
Жұмақ ет ақын ғұмырын,
Бар мұңы кетсің білінбей.

Күзгі бір сырдай музамыз,
Армандар әнің жазамыз.
Күз бенен көктем өтсе де,
Сезімнен шуақ аламыз.

ҚАЗЫНАЛЫ ҚОҢЫРАТ

(сазгер Қадыр Баймурзиннің әніне сай етіліп, қайта жазылды)

Шежіреден сыр шертетін өткені,
Алма-кезек дүние де өтпелі.
Қоңыраттай кен қопарған өлкеде
Еңбек етіп, кімдер терін төкпеді?!

Кенге толы қыраты мен тастары,
Жалын атқан елін сүйген жастары.
Қоңыратым қазыналы мекенім,
Таусылмаған ырзығы мен дастаны.

Ырысты өлке аялаған таң нұры,
Сырға толы тұнған тарих тағдыры.
Жанға жайлы шуақ сыйлап кетеді
Жауып өткен Қоңыраттың жаңбыры.

Жүйріктерім жүйткіп өткен құба бел,
Мызғымастан мәңгілікке тұра бер.
Мысты өлкені мекендеген елімнің
Ұл-қыздары байлығына мұрагер.

ҚАРА ҚАЗАН

Сірә бізді есірткендей тоқшылық
Түсінеме? оны бірақ көпшілік,
Осы адамдар қадіріне жетпеді-ау,
Болсадағы ұланғайыр молшылық.

Қара қазан бүлкілдейді қайнаса,
Ақ дастархан берекелі жайнаса,
Пай-пай ошақ сенің отың өшпес ед(і)
Пейілің мен ырыс-құтың таймаса.

Пісіп жатар бауырсақ пен шелпегің,
Ошақ жәйлі ойлар кәне

келте кім?

Қара қазан менің ата дәстүрім,
Кешегім мен болашағым, ертеңім.

Анамыздың жәй пешінен түспеген,
Бала барма? дәмді көже ішпеген
Қара қазан сенде кие құт та бар,
Жан жоқ шығар қаспақ қырып тістеген.

Қара қазан, сенде бүкіл құндылық
Ошағыңа тұрар көкте күн күліп,
Сен бар жерде, қазақта бар киелім,
Қасиетің қара қазан мәңгілік!



МАҚАТАЕВ КӨШЕСІ...

Көшеде мен келемін іркіп жасты,
Ей, өмір саған пенде бауыр басты.
Ақын боп дүниеге жаралғасын,
Поэзия есігін айқара ашты.

Доста бар, дұшпан да бар маңайымда,
Жаныма жырдан жалау жағайын ба.
Періште емессің ғой, сен пендесің,
Кеудеме жұлдыз моншақ тағайын ба?

Арманың ұқсаушы еді асқар тауға,
Кең өлкең шабыт берген аспандауға.
Өз жүректі таңбалап сезім жырмен,
Серт етем жасымауға, жасқанбауға.

Жаяулап, жаттап келем, жырыңды мен,
Далада кісінеген құлын жыр ең.
Мақатаев көшесін көрем ғажап,
Түсінгем жырларыңмен сырыңды мен.

Аққулар ұйықтағанда оянамын,
Ақпанның ақ нұрына бояламын.
Ғасырдың ақынысың өрең биік,
Есіме мен өзінді жиі аламын.



МӘДЕНИЕТ САРАЙЫ

Мен қалайша бұл маңға бұрылмайын,
Мысшылар сарайын да жыр қылайын.
Күнде көріп жүргенмен бұл шаһарды,
Көрмегендей қызығып бұрындайын.

Ескерткіші Хамзиннің алдында тұр,
Күмбірлетіп күйімен шашқандай нұр.
Ару Балқаш еңсесін асқақтатып,
Гүлдендірер қаланы ғимарат бұл.

Мысшылар құрыш білек жанарымда,
Еңбек еткен елеулі талай жылда.
Шаршағанда келіп ол шабыттанар,
Жігерленер рухани талай жырға.

Алма -кезек ауысар уақыт заңы,
Арайланып ата берсін бақыт таңы.
Сыйлаған халқымызға өнер жырын,
О, сарай гүлдене бер тағы,тағы!

МҰРЫНДЫ ДОСЫМА

(әзіл өлең)

Тастан-тасқа секіріп ойнайтұғын,
Бұзық едік, қой десе қоймайтұғын.
Кең жайлаудан Балқашқа досым келді,
Құштарлығы қызыққа тоймайтұғын.
Тым тереңде қыз десең сырыңдағы,
Есіңдеме барған кез ұрыңдағы.
Әй менің, мұрыны дәу, осы досым,
Соңғы рет қашан қызға қырындады?
Асыр салдық, білесің бұрындары,
Бір үйірдің секілдек құлындары.
Бұл күндері қарасам сәл ойланып,
Бұлдырайды сағымдай соның бәрі.
Әзілдесіп өткізген күндеріміз,
Ашық- жарқын шығатын үндеріміз.
Пейіліңе досымның қызығып ем,
Адал досым сіз оны білмедіңіз.
Батыр жігіт мұрынды келушеді,
Махаббатың тамшылар түйіршегі,
Өнерің бар танытқан сені бізге,

Нағыз ердің қайда жүр келіншегі.
Жолымыздың белгілі бұрылғаны,
Шаңырақтың жөн болар құрылғаны.
Жолықса екен өзіңе қазағымның,
Бір сұлуы, төгілген бұрымдары.
Гамзатовтай* ақын бар есте қалған,
Шахановтың* мұрынын еске алған.
Қалжынымды түсінер сері жігіт,
Осы өлеңді оқырсын кешке барған.
Ауылдың да бар екен қыңырлары,
Ғұмырыңның нық болсын тұғырлары.
Қарулы қол бұл доста аман болар,
Аман болса Алатау «мұрындары!»
Сөзің семсер болғанмен жүзің балғын,
Сан жындыны ауылдас іліп шалдың.
Нар тұлғана қызықса ару қыздар,
Мәрттігіңе мен сенің қызығамын.

*Мұқтар Шаханов

*Расул Гамзатов

ӨЛЕҢ-АРУ!

Сен-өлең, мен - ақындай егіздейміз,
Сүй мені сүйсең егер сезімдей күз.
Сүйкімдім көңіл қалды махаббаттан,
Сонда да жүрекке ие жан іздейміз.

Сүйемін, сүйем жырды, күйем тиме,
Шатпаққа айналады жүйем кейде.
Қиялдан жасайтыным өлең-Ару!
Ойыма ойланбастан түйем үйде.

Қылықтым шабыт беріп келмей жүрген,
Нәзігім гүлден тізбек өрмей күлген.
Жаралған мезгілдердің мүйісінен,
Мөлдірім сен ағынды сермей тілген.

Кінәлі қылып қойдық түрлі затты,
Шамалы араласақ гүлді бақты.
Өмірді боямасыз көрсететін,
Поэзия, ұмыттырмас қилы шақты.

Жүрегім жырлайтыным жырым жақұт,
Кәусәрім жазатыным жарым бақыт.
Қарама жырым- жырым өкпеме көп,
Өкпелі өтіп жатыр алтын уақыт.

Сүйемін, сүйем жырды, күйем тиме,
Қуанып, риясыз күлем кейде.
Қиялдан жасайтыным өлең-Ару!
Ойыма ойланбастан түйем үйде.



ӨМІР БЕЛЕС

(әні бар)

Өмір-ай...
Жауабың жолдап,
Қолын бір бұлғап,
Тағдырдың желі өбеді...
Көңіл-ай...
Сезімін бұлдап,
Ғашықта қылмақ,
Бір қайғы басқа жетеді...

Өмір-белес,
Жетер емес,
Асау бір құлын, тай
ғұмыр...

Уақыт-елес,
Болжам емес,
Өмір ғой жаным бұл
өмір...

Дәурен-ай...
Көңілді толғап,
Әнің бір арнап,
Толқынын қуып кетеді...

Әттең-ай...
Басынан бастап,
Наз-мұңын тастап,
Өткінші бәрі өтеді...

ТҰЛПАР

Ерте—ерте, ертеде, біз ертеде,
Ер салмаған ел едік мәстектерге.
Тебінгісі терлемес тау асқанда,
Құйма тұяқ мұқалмас тас тескенде.

Бөгет емес тұлпарға құйын дауыл,
Аламан ғой тағдырым түйіні ауыр.
Оқтын-оқтын ойланам бұла түнде,
Сәйгүлікке жыр жазу ойым тәуір.

Қыратта тұр жер тарпып қазанатым,
Жайдақ мінсе қуанар азаматым.
Жануарда біледі бабам жүрген,
Туған жердің жазығын, әр суатын.

Қуат алам қиқулы үн естісем,
Шыйратылдым аяққа үзеңгі ілсем.
Киелімде сен ғана арғымағым,
Ажалдан да, ап шығар бір көсілсең.

Қоян жақты, қаз мойын орақтайын,
Тұяғың жерді қазған ошақтайын.
Ойға барып, қыр ассам сеніменен,
Өзгеден бағым менің озған дәйім.

Кісінеген дауысын дермін заңғар,
Бітімің мен бабыңда көркің аңғар.
«Тұлпар- ердің қанаты» деп айтамыз,
Айтамызда мінеміз темір тұлпар.

Жота- жонды шаң қылар жылқыларым,
Аңғал, саңғал қораңы жұлқыларым.
Көксің, құла, боз, күрең, жирен өзің,
Пырақтардай білемін үлгі барын.

Талай-талай жер көрдім ержеткесін,
Талайларда сыйлады белдескесін.
Ақынсың деп таныған ел құлынын,
Байлап берсе шат көңіл көз жеткесін.

Көзі жайнар танадай асау парқы,
Сұлу мүсін тұлпардың осау қалпы.
Аққу құстай иілер мойыныда,
Қазығында ойнақтар жарау нарқы.

Қазақпын мен, десеңдер қай жігітсің,
Тәй-тәй басқан таңымда тай мініппін.
Ат жалында өскенмін желдей есіп,
Құлағында ойнаумен сәйгүліктің.

Шүү тұлпарым, тұмарым!

ҮШАРАЛЫМ!

Төрт түлік толы өрісің,
Арқаның кербез төрісің.
Жыланды тұрған Күнгеіім,
Жаратқан Тәңір мөрісің.

Жайлауы жасыл жерімсің,
Жайқалып жатқан белімсің.
Ұшқатын қымбат, Үшарал,
Сен менің туған елімсің.

Үшаралым- үш бақытым,
Бір өзіңсің күш- қуатым.
Тербелсе бір Тоқырауын,
Толқыным төске ұратын.

Жарығын жақса ауылым,
Жазады көкке бауырын.
Аққайың сая, Үшарал,
Жайнатар бөктер сауырын.

Үшаралым сен- байтағым,
Көрпетай, Нұртай жайладым.
Ғажап қой, жұмақ ел іші,
Сипаған самал айдарым.



ҰЛЫМА ТІЛЕК

Бала деген адамның бір қызығы,
Балалы үй базарлы жүр бұзығы.
Бүгін ботам меншікті күнің міне,
«Ғұмырлы бол» ақынның жыр үзiгi.

Тәтті сенің қылығың, білемісің,
Ата-анаңның толқыған жүрегiсің.
Жыр арнадым өзіңе құлыншағым,
Бар бақытын өмірдің тілеу үшін.

Тәтті десе беретін бала жаның,
Анашыңның аяла алақанын.
Білімді бол, дүние қолдың кірі,
Мықты болсын денің де балапаным.

Сен ізімді жалғайтын атұстарым,
Бұл жалғанның көрерсің жат тұстарын.
Ұлым менің айнамсың, тірегiмсiң
Бақ қып қондыр қуаныш ақ құстарын .

Саған артам жан балам үмітті көп,
Күлкін мұңды сақылдап ерітті тек.
Әке- шеше үмітін ақтау үшін,
Ұлым менің еңбек ет, терiңді төк.

ҰЛЫТАУДА ҰЛЫЛЫҚ

Қазақ елі шаңырағын көтерген,
Аңсауы мол армандары өтелген.
Ұлытауым басын қосса үш жүздің,
Жазғаным жоқ арнауымды бекер мен.

Алаш жұрты ардақтаған жер кіндік,
Таңбалы тас дәлелімдей төр шындық.
Ашық аспан астындағы мұражай,
Меңзейтіндей елге мәңгі еркіндік.

Аңыздарға арқау болған жерім бұл,
Жазылуда талай -талай небір жыр.
Арғы атамыз текті болған ел едік,
Сол қатарда Алаша хан ерім тұр.

Саф ауасы, суы емдік Жерұйық,
Әулие тау, Едіге шың бір биік.
Көргің келсе кереметін Кеңгірдің,
Достарым-ау уақытыңды кел қиып.

Ұлытаудың кие тұтып тастарын,
Талпынғайсың білуге сыр, астарын.
Құландарым жосыған жер бұл мекен,
Ұлар құсы мекендеген асқарын.

Ұлытауға барғым келіп жүр көптен,
Ұлылық бар Ұлытауда сыр төккен.
Бабалардан қалған ғажап далаға,
Тәңір өзі нұрын төгіп тұр көкпен.

ҰМСЫНУ

Толқығандай толқынын Тоқырауын,
Өнеріме жол салған шоқыларың!
Болашаққа жеткізер жыр сәлемін,
Бұйраланған жотаң мен атырабың.

Өмірдің көп әлегі жол құратын,
Мұқалтатын мұң да бар, тоңдыратын!
Жіберсеңіз есесін адамдықтың,
Өмір заңы тағы бар солдыратын.

Шабыт іздеп көрмесең арындаған,
Сан-сауалдан айнала арылмаған!
Сәтсіздіктер шырмаса, мұңаймағын,
Асуы көп өмірдің алынбаған!

Сан-сынаққа тірелер маңдайың да,
Көру керек шын өнер қандайын да!
Өктем жел де өтеді баяуланып,
Жыр төгілсе жастықтың таңдайында!

Ой тамшылап өрге де ұмтыласың,
Өз сырыңмен ішінде тұншығасың,
Өрши түсіп өртеніп, басыласың,
Сосын қайта жігермен ұмсынасың!

МАЗМҰНЫ:

Ауылға барғым келіп тұрады.....	3
Әжені сағыну.....	4
Әке (Әкем Мағзұм Назымбекұлының туған күніне арналады).....	5
Әпке.....	6
Балқаш.....	7
Гүлденген гүлім.....	8
Ерекшем.....	9
Күзгі сыр.....	10
Қазыналы Қоңырат(сазгер Қадыр Баймурзиннің әніне сай етіліп, қайта жазылды).....	11
Қара қазан.....	12
Мақатаев көшесі.....	13
Мәдениет сарайы.....	14
Мұрынды досыма(әзіл өлең).....	15
Өлең - ару!.....	16
Өмір белес(әні бар).....	17
Тұлпар.....	18
Үшаралым!.....	19
Ұлыма тілек.....	20
Ұлытауда ұлылық	21
Ұмсұну.....	22

